

## Ел данасы – Елбасы

**Ғазым Жарылғапов,  
облыстық маслихат депутаты.**

Қазіргі дәуірде еліміз әлемдегі дамыған 50 елдің қатарына еніп, «Қазақстан – 2050» Стратегиясында нақтыланған саяси – экономикалық, мәдени-әлеуметтік даму шараларын жүзеге асыруға кірісті. Тәуелсіздік алғаннан бергі 22 жыл ішінде Қазақстан бүкіл әлемді таң қалдырған толағай табыстарға қол жеткізіп қана қоймай, дүниежүзінде бейбітшілік пен саяси-экономикалық, мәдени рухани өзара ықпалдастықты дамытуда елеулі рөл атқарған жетекші мемлекетке айналды. Белгісіз мемлекеттен беделді мемлекет дәрежесіне көтерілді. Экономикасы тоқыраған, шаруашылығы артта қалған, ұлттық қордан жұрдай, шекарасы айқындалмаған жас Отанымыз небары 20 жылдың ішінде дамыған елдердің өзін есеңгіретіп, титығына жеткен әлемдік қаржы дағдарысынан селт етпей өткен, экономикалық әлемдік дағдарыстардың өзін пайдасына жарата білген, саяси ахуалы ғаламға үлгі, экономикасы мен өнеркәсібі, ғылымы мен мәдениеті, халқының әлеуметтік тұрмыс жағдайы нығайған, қуатты да мәртебесі кемелді, демократиялық ел атанды.



Еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы күнінен бастап, ядролық қарудан бас тартып, ядролық сынақ полигондарын жауып, барлық мемлекетті ядролық және жаппай қырып-жоятын қару-жарақтан үзілді-кесілді қол үзуге шақырған Елбасымыздың үндеуі барша адамзатты сүйсіндірген, мемлекеттік-қоғамдық бағытымыздың бейбіт мақсатын паш еткен тарихи құндылығы аса маңызды құжат болды. Мемлекеттік шекарамыз мызғымастай бекемделіп, ең озық технологиялық жетістіктерге, барлық ресурстарды мүмкіндігінше тиімді пайдалануға негізделген үдемелі-индустриялық өнеркәсіптің өркендеуі, ғылым мен білім, мәдениет пен ақпараттандырудың дамуы, ішкі-сыртқы саясаттың байсалдылығы мен тұрақтылығы, ұлтаралық татулық, қалыптасқан жаңа қазақстандық патриотизм рухы, кәсіпкерліктің қанат жаюы, жыл сайынғы мыңдаған жұмыс орындарының ашылуы, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстарының жандануы, халыққа қызмет көрсету ісінің оңтайлануы, Ата Заңның қабылдануы, сайлаудың демократиялануы, азаматтық құқықтың қорғалуы, ұлттық тарихи, рухани, материалдық құндылықтарды қастерлеу және оны заманға сай дамыту үрдісі, т.б. атқарылған ұлан-ғайыр игіліктер ел көсегесін көгертті.

«Айбарлы Абылай аңсаған асқақ арманға, ұлы мұратқа бүгінгі ұрпақ жетті. Байтақ өлкеміздің шекарасын заман талабына сай халықаралық нормалармен бекітіп, әлеуметтік қауымдастықты мойындаттық. Сол арқылы көршілерімізбен мәңгілік достыққа, өзара тиімді сауда-экономикалық, мәдени байланыстарға негіз қаладық. Бұл күнде ешқандай елдің Қазақ жеріне қатысты дауы жоқ», - деген Тұңғыш Президентіміздің сөзі (Н.Назарбаевтың «Абылай аңсаған азаттық» мақаласынан) – бүгінгі Қазақстанның территориялық, саяси сипатына берген бағасы. Жерсіз ел, жерсіз мемлекет те болмайды. Нұрсұлтан Әбішұлының Отан шекарасын белгілеп, бекіту үшін атқарған еңбегі де елі үшін өлшеусіз.

Нұрсұлтан Назарбаев демократиялық дамудың көппартиялық жүйесінің негізін сала отырып, өзі төрағалық ететін «Нұр Отан» партиясының саяси белсенділігі мен беделін, халыққа қызмет етудегі жұмыс сапасын жетілдіруде зор қызмет атқарып келеді. Партияның XV съезінде қабылданған Доктринасы – осының айғағындай.

Тұңғыш Президентіміз – Қазақ елін, Қазақстан халқын өзі жүргізген сындарлы саясатының парасаттылығымен бүкіл әлемге танытқан әрі мемлекеттік-қоғамдық дамуымыздың өнегелі өркениеттілігін мойындатқан, дүниежүзілік өзара ынтымақтастық дамуының сара жолын салған, бүгінгі іс-әрекеттердің болашақтағы нәтижесін күні бұрын нақты болжайтын оптимистік көрегенділігімен ерекшеленетін кеменгер қайраткер, дана да дара тұлға. Елбасымыздың басшылығымен Қазақстан әлемдегі ең беделді саяси ұйымдар мен кеңестерге төрағалық етті.

Президентіміздің қалауымен салынған Елордамыз – Астана халықаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықтың, мәдениет пен руханият астанасына айналғаны әлемге аян. «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесінің Астанада өтетіндігі Астананың халықаралық мәртебесін асқақтата түскендей.

Еліміздің бүгінгі таңдағы қол жеткізген барша жетістіктері – тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың елі үшін атқарған ерен еңбегінің жемісі, өзі жүргізген мерейлі де данышпандық саясатының мәуелі жемісі. Оның бүкіл азаматтық болмысы – ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын үлгі-өнеге, рухани қуат болып қалыптасқан. Елі оны солай түсінеді, солай ардақтайды.